

ХАТТАМА
агроөнеркәсіптік кешен саласында цифрлық шешімді іріктеу бойынша
жобалар конкурсын өткізуге арналған
конкурстық комиссияны қалыптастыру жөніндегі отырыс

қ. Астана

« 18 » 12 2025 жыл

Агроөнеркәсіптік кешен саласында цифрлық шешімді іріктеу бойынша жобалар конкурсын «Медициналық технологиялар және ақпараттық жүйелер орталығы» АҚ ұйымдастыру және өткізу мақсатында, сондай-ақ ұсынылған жобаларды объективті, кәсіби және ашық бағалауды қамтамасыз ету үшін, осы хаттамамен конкурстық комиссияның дербес құрамы қалыптастырылып, жоба Тапсырыс беруші тарапынан бақылаушы айқындалады.

1. Конкурстық комиссияның дербес құрамын қалыптастыру
ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

Конкурстық комиссия төмендегі құрамда қалыптастырылсын:

Конкурстық комиссияның төрағасы:

Камарова Айнұр Ерғалиевна — HR орталығының басшысы,

«Медициналық технологиялар және ақпараттық жүйелер орталығы» АҚ конкурсының ұйымдастырушысы.

Мемлекеттік қатысуы бар ұйымдарда жобаларды іске асыру және сүйемелдеу, басқарушылық және кадрлық процестерді енгізу, сондай-ақ агроөнеркәсіптік сектор мен цифрлық шешімдер саласындағы жұмыс тәжірибесін қоса алғанда, басқарушылық және сараптамалық қызметте 25 жылдан астам тәжірибеге ие.

Конкурстық комиссия мүшелері:

Абжами Қуатжан Нұртасұлы — ақпараттық технологиялар саласындағы маман (техникалық сарапшы)

Ақпараттық жүйелерді жобалау және архитектуралау, цифрлық платформалар мен пайдаланушы интерфейстерін әзірлеу, деректерді талдау және жүйелік интеграция саласындағы сарапшы.

Мұхамедкаримов Азамат — жобалық менеджер, бизнес-аналитик (цифрлық жобаларды басқару жөніндегі сарапшы)

Ұлттық және өңірлік деңгейдегі цифрлық жобаларды басқару, ақпараттық жүйелерді енгізу және ведомствоаралық командаларды үйлестіру тәжірибесі бар сарапшы.

2. Жоба Тапсырыс берушісінің өкілін және бақылаушысын айқындау
ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

онкурстық рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз ету және жоба Тапсырыс берушісінің мүдделерін ескеру мақсатында (шешуші дауыс беру құқығынсыз) жоба Тапсырыс берушісінің өкілі мен бақылаушысы ретінде төмендегі тұлға айқындалсын:

Фролов Сергей Николаевич — Ақмола облысының цифрландыру және архивтер басқармасының «Smart Aqkol-2018» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметтерді үйлестіру бөлімінің басшысы, Ақкөл қаласы.

3. Конкурстық комиссияның өкілеттіктері
ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

- 1) қалыптастырылған конкурстық комиссияның төмендегі өкілеттіктерге ие екені айқындалсын:
- 2) қатысушылардың өтінімдері мен конкурстық материалдарын қарау;

- 3) конкурстың I және II кезеңдері шеңберінде жобаларға сараптамалық бағалау жүргізу;
- 4) қатысушыларды конкурстың келесі кезеңдеріне жіберу туралы шешімдер қабылдау;
- 5) бағалау нәтижелері бойынша техникалық және қорытынды қорытындылар қалыптастыру;
- 6) конкурстық іріктеу нәтижелерін конкурстық комиссия отырыстарының хаттамаларымен рәсімдеу.

4. Қорытынды ережелер

Осы хаттама қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Конкурстық комиссияның дербес құрамына өзгерістер енгізу жеке хаттама негізінде жол беріледі.

Қалыптастырылған конкурстық комиссияның құрамы конкурс өткізу кезеңінің толық мерзімі бойы қолданыста болады.

Председатель заседания: _____ /Камарова А.Е./

Секретарь заседания: _____ /Жалгасова А./

Члены комиссии:

_____ / Абжами Қ.Н. /

_____ / Мухамедкаримов А. /

Представитель и наблюдатель от Заказчика
проекта КГУ «Smart Aqkol-2018»: _____ / Фролов С.Н. /